

# САПАЛЫ БІЛІМ – САНАЛЫ ҮРПАҚ АЗЫҒЫ

**ХХI ғасыр білімнің интеграциялануы мен инновациялануы және аймақталуымен ерекшеленеді. Үлгі дегеніміз – қазіргі өмірдегі бәсекеге қабілетті интеллектуалды адам капиталының қалыптасуындағы әлемдік үлгілердің пайда болуы.**

Кез келген мемлекеттің дамуы дәстүрлі өлшем тұрғысынан алғанда экономикалық және әлеуметтік өлшемімен бағаланса, ал біздің дәуіріміз білімнің, ғылымның және оның нәтижелері ретіндегі инновациялануымен бағаланады.

Кезінде Елбасы Н. Назарбаевтың әлеуметтік саланы дамыту стратегиясында аса үлкен мәселелердің бірі білім беру, жетілдіру, балаларды түгелдей мектепке тарту бол-

ды. Өтпелі кезеңдеге нарықтың қыындықтарына байланысты елімізде 27 мыңдан астам мектеп жасындағы бала оқудан қол үзіп қалған еді. Осыған байланысты Елбасы барлық бала окуға тиісті деп тапсырма берді. Үлгі мемлекеттік маңызы бар конституциялық талап болатын. Үкіметке 1998 жылға берілген сегіз нақты тапсырманың екеуі мектепке қатысты еді. Олар мектепті, ең алдымен ауыл мектептерін компьютерлендіру, балаларды түгел мектепке тарту болды. Аз уақыт ішінде мектептен қол үзген балалар түгелдей оқуға тартылды. Елбасының тапсырмасы бойынша таяу жылдарда бүкіл Республика мектептерін толық компьютерлендіру жұмыстары жүргізілді. Мұның өзі елімізде білім мен ғылымның өсүіне шын мәнінде негіз болды.

Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаев ке-зекті Қазақстан халқына Жолдауында қолжетімді әрі сапалы білім алуды, балалардың мектепке дейін жан-жақты даму мәселесін, 2025 жылға дейін 6 жасқа дейінгі балаларды 100 пайыз мектепке дейінгі оқу мен тәрбиемен қамтудың шешу жолдарын айқындал берді. Сондай-ақ, балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуды керек екенін атақ айтты.

Жас буынға білім беру жолында еңбек етіп жүргендіктен білім саласында болып жатқан барлық өзгерістер мен жаңалықтар менің жанымда жақын. Елдамуындағы барлық маңызды деген мәселелерді атақ айттып, шешу жолдарын ұсына келе, ел Президенті өз Жолдауындағы бесінші мәселе ретінде білім беру са-

ласына тоқталып өтті. Элем елдеріндегі пандемиялық жағдайларды ескере, еліміздегі карантиндік жағдайды қатаң сақтай отырып, білім беру саласының қашықтан үйімдастырылып отырғанын, сондай-ақ үлгі жүйенің әдеттегі дәстүрлі сабакқа жетпейтініне тоқталды. Дәстүрлі жүйе бойынша білім алуда барша жағдай жасауды тапсырып отыр. Сайып келгенде, Мемлекет башысының Жолдауы білім беру мен тәрбие жүйесінің әлемдік стандарттарға сай келуін талап етеді және осы мақсаттағы міндеттерді орындауға бағытталтыны сөзсіз.

**Г.ҚАПБАРОВА,  
М.Әуезов атындағы  
Оқыдың «Қазақстан  
тарихы»  
кафедрасының  
магистр-оқытушысы**